

Д.Л. Байдельдинов<sup>1</sup> , Г.Т. Айгаринова<sup>1</sup> ,  
Ж.Б. Акшатаева<sup>2</sup> , Г.К. Рашева<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

\*e-mail: [gulnur1989@mail.ru](mailto:gulnur1989@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚОЛАЙЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қолайлы қоршаған ортаға құқық – бұл ұғым аясы өте кең болып табылады. Азаматтардың қоршаған ортаның қолайлы жағдайына құқығы бүгінде мызғымас әлеуметтік құндылық болып табылады, оның тұрақтылығына Қазақстан Республикасының Конституциясы тікелей кепілдік береді. Заманауи дәуірде цифрлық технологиялардың пайда болуы осы құқықты қолдаудың мүмкіндіктерін ашты.

Бұл ғылыми зерттеуде осы саладағы қазіргі ұлттық, халықаралық және шет мемлекеттердің заңнамалық-нормативтік негіздеріне құқықтық баға бере берілген. Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасында қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асырудың аса өзекті мәселелері соңғы жылдары өте қарқынды жүзеге асырылып жатқан цифрландыру контекстінде қарастырылған. Берілген ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында цифрландыру жағдайында қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыру мәселелерін кешенді және жан-жақты зерттеу болып табылады.

Зерттеу жұмысында адамдардың қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асырудың және оны қорғаудың құқықтық мәселелері қарастырылып қана қоймай, шет ел заңнамасымен салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілген. Нақты мақала қолайлы қоршаған ортаға құқықты қорғау саласындағы теориялық білімдерді толықтырады. Авторлар цифрлық жетістіктердің қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде қолданылуын талдай отырып, осы саладағы заңнаманы жетілдіру жолдарын ұсынады.

**Түйін сөздер:** Қоршаған орта, қолайлы қоршаған орта, қолайлы қоршаған ортаға құқықты қорғау.

D.L. Baideldinov<sup>1</sup>, G.T. Aigarinova<sup>1</sup>, Zh.B. Akshataeva<sup>2</sup>, G.K. Rasheva<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>South Kazakhstan State University named after M. Auezov, Kazakhstan, Shymkent

\*e-mail: [gulnur1989@mail.ru](mailto:gulnur1989@mail.ru)

### Problems of implementation of the right to a favorable environment in the Republic of Kazakhstan in the conditions of digitalization

The right to a favorable environment is a fairly broad concept; the right of citizens to favorable environmental conditions today is an unshakable social value, the stability of which is directly guaranteed by the Constitution of the Republic of Kazakhstan. The advent of digital technology in the modern era has opened up opportunities to support this right.

This scientific study provides a legal assessment of the current national, international and foreign legislative and regulatory framework in this area. The scientific article examines the most pressing issues of implementing the right to a favorable environment in the Republic of Kazakhstan in the context of digitalization, which has been implemented very intensively in recent years. The main goal of this study is a comprehensive and comprehensive study of the implementation of the right to a favorable environment in the Republic of Kazakhstan in the context of digitalization.

The research work examines not only legal issues of implementation and protection of the human right to a favorable environment, but also conducts a comparative legal analysis with the legislation of foreign countries. This article complements theoretical knowledge in the field of environmental protection. The authors analyze the use of digital advances in environmental issues and suggest ways to improve legislation in this area.

**Key words:** Environment, favorable environment, protection of rights to a favorable environment.

Д.Л. Байдельдинов<sup>1</sup>, Г.Т. Айгаринова<sup>1</sup>, Ж.Б. Акшатаева<sup>2</sup>, Г.К. Рашева<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

\*e-mail: gulnur1989@mail.ru

### Проблемы реализации права на благоприятную окружающую среду в Республике Казахстан в условиях цифровизации

Право на благоприятную окружающую среду – это понятие достаточно широкое, право граждан на благоприятные условия окружающей среды сегодня является незыблемой социальной ценностью, стабильность которой напрямую гарантируется Конституцией Республики Казахстан. Появление цифровых технологий в современную эпоху открыло возможности для поддержки этого права.

В данном научном исследовании дана правовая оценка действующей национальной, международной и зарубежной законодательной и нормативной базы в данной сфере. В научной статье рассмотрены наиболее актуальные вопросы реализации права на благоприятную окружающую среду в Республике Казахстан в условиях цифровизации, которая реализуется очень интенсивно в последние годы. Основная цель данного исследования – комплексное и всестороннее исследование реализации права на благоприятную окружающую среду в Республике Казахстан в условиях цифровизации.

В исследовательской работе рассматриваются не только правовые вопросы реализации и защиты права человека на благоприятную окружающую среду, но и проводится сравнительно-правовой анализ с законодательством зарубежных стран. Данная статья дополняет теоретические знания в области охраны окружающей среды. Авторы анализируют использование цифровых достижений в вопросах охраны окружающей среды и предлагают пути совершенствования законодательства в этой области.

**Ключевые слова:** Окружающая среда, благоприятная окружающая среда, защита прав на благоприятную окружающую среду.

#### Кіріспе

Қазіргі кездегі Қазақстан мен әлемдік қауымдастық елдеріндегі цифрландыру үрдісінің қарқын алуы жағдайындағы азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқығын жүзеге асыру мәселесі қазіргі заманғы қоршаған ортаны басқарудағы маңызды өзекті тақырып болып табылады.

Жалпы, қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыруда цифрландырудың алатын орны айрықша маңызға ие. 2023 жылғы 01 қыркүйектегі ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында цифрландыру мен инновацияларды енгізу, соның ішінде Қазақстанды IT-мемлекетке айналдыру біз қолға алуымыз керек стратегиялық маңызды міндет ретінде айқындалып, енді цифрландыру қағидаларын заңнамалық деңгейде бекітудің қажеттігіне аса назар аударылған (<https://www.akorda.kz>).

Азаматтарға қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыруды цифрлық технологияларды қолданудың құқықтық негізін қалыптасуында 2005-2007 жылдарға арналған «электронды үкімет» құру, «Ақпараттық

Қазақстан-2020», «Цифрлық Қазақстан», жанадан қабылданған 2023 жылғы 28 наурыздағы 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация және киберқауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасының алатын орыны ерекше. Көрсетілген стратегиялық маңызды құжаттар елімізде цифрландыруды енгізу, қолжетімді электрондық мемлекеттік қызметтерді дамыту, қоғам мен экономиканы одан әрі цифрландыру бойынша стратегиялық нұсқау болды. 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация тұжырымдамасында «Ақылды қала» («Smart City») бастамасы – мемлекетпен халыққа көрсетілетін қызметтердің тиімді, бәсекеге қабілетті болуы мақсатында және экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және мәдени аспектілер бойынша қазіргі тұрғындар мен болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруын қамтамасыз ете отырып, «Ақылды қалалар» бастамасы қалалық қызметтер мен сапаны жақсарту үшін цифрлық технологияларды пайдаланудың негізін ұсынады. Тұжырымдамада Цифрлық технологиялар білім беру, көлік, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қауіпсіздік, әлеуметтік қамсыздандыру, қала менеджменті, құрылыс, кәсіпкерлікті дамыту, туризм және

экология сияқты қала өмірінің өртүрлі аспектілеріне біріктірілетіндігі баяндалған (<https://adilet.zan.kz>).

### Зерттеу материалдары мен әдістер

Мақалада заманауи қолайлы қоршаған ортаны құқықты қорғау контекстінде экологиялық деректерге жұртшылықтың қолжетімділігінің маңыздылығын көрсетуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы шешімдерді қабылдауға қоғамның қатысуын жеңілдетудегі цифрлық платформалардың рөліне басты назар аударылып, экологиялық ақпаратты цифрландыруды реттейтін ұлттық және халықаралық құқықтық негіздерді зерделей келе, зерттеу жұмысын жазу барысында жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер пайдаланылды, соның ішінде, осы саладағы Қазақстан Республикасының және шет елдердің тәжірибесі мен заңнамасын салыстырмалы-құқықтық талдауда тарихи, эмпирикалық, логикалық, жүйелілік және т.б. зерттеу әдістері қолданылды.

Нақты мақалада цифрландыру мен қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыру жайлы отандық және шет елдік заңгер ғалымдардың ғана емес, мәселені кешенді қарау барысында техника ғылымдары саласындағы ғалымдардың да еңбектері қолданылды.

### Әдебиетке шолу

Соңғы жылдардағы қоршаған ортаның өзгеруі, яғни, жаһандық жылыну және климаттың өзгеруі қоршаған ортаның нашарлауына қатысты дүниежізінің алаңдаушылығын арттыруда. Көмірқышқыл газының шығарындылары мен қоршаған орта тапшылығының салдары бір елдің ғана проблемасы емес, сонымен бірге бүкіл Жер шарына әсер етеді. Қолайлы қоршаған ортаға құқық ең алдымен, адамдарға қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімді болуынан бастау алады. климаттың өзгеруі және экологиялық тұрақтылық туралы ақпаратпен адамдардың хабардар болуы барлық әлемдік қауымдастықты алаңдатады, соның ішінде БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарында арқылы тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және қоршаған ортаны қорғау үшін әрекет ету, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі сияқты қажеттіліктерді шешу экономикалық өсуді ынталандыруға бағытталған саясатпен қатар жүруі керек екенін

ұсынады (<https://unstats.un.org/sdgs/report/2023/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2023.pdf>).

Зерттеушілердің пікірінше: Цифрлық трансформация инновацияларын институционалдық пайдалану экологиялық тұрақтылық бойынша Тұрақты Даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ете алады. Сондықтан дамыған елдерден «жасыл» ақпараттық-байланыс технологияларын қолдайтын технологиялардың трансфертін ынталандыру және жеңілдету керек. Қоғамның экологиялық тұрақтылық туралы хабардар болуын арттыру үшін ақпараттық-байланыс технологиялары негізіндегі қосымшаларды енгізу қажет (Rehman, 2023: 402).

2030 жылға дейін қоршаған ортаның мониторингі саласындағы ғылыми зерттеулердің басымдықтары: жерді зондтау, жасанды интеллект технологияларын енгізу, үшқышсыз ұшу аппараттарын, қашықтан басқару жүйелерін белсенді пайдалану, үлкен деректерді (Big Data) жасау және пайдалану қоршаған ортаның экологиялық мониторингі жүйесін түбегейлі жетілдіру мүмкіндігі көптеген елдердің бағдарламалық құжаттарында қарастырылған. Экологиядағы «digital twins» – ауа сапасын бақылау мақсатында нақты процесс пен үздіксіз цифрлық деректер ағынымен байланыстырылған математикалық модель зерттеушілердің қызығын арттыруда (Лекерова, 2023: 198).

Одан бөлек, В.Н. Власенко мен А.С. Ширококовтың пікірінше, Экологиялық бақылауды цифрландырудың жалпы талабы экологиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде ақпараттың дұрыс еместігіне және бұрмалануына әкеп соғуы мүмкін деректерді енгізуді болдырмау мақсатында ақпараттық жүйелерге деректерді дұрыс енгізбегені үшін жауапкершілікті белгілеу болып табылады (Vlasenko, 2021: 617).

Кейбір ғалымдар цифрландырудың қоршаған ортаны қорғау саласындағы рөлі экология саласындағы мемлекеттік басқаруға цифрлық технологияларды енгізу экологиялық проблемаларды дәлірек анықтауға мүмкіндік беретіндігін көрсетеді (Sharifbaevich, 2022: 378-379). Л.Қ.Еркінбаева ашық деректердің цифрлық стратегиясын әзірлеуді және оны экологиялық ақпараттың нақты түрлеріне енгізуді ұсынса (Yerkinbayeva, 2021: 125), Р. Ережепқызы өз еңбектерінде Қазақстан Республикасы үшін қоғамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізудегі техникалық қажеттілігін анықтап қана қоймай, оны жалпы қоғамды экологияландырумен

байланыстыратын бірыңғай актіні қабылдауды құптайды. Ал, Д. Бекежановтың тұжырымдауынша, экологиялық ақпаратты цифрландыру мәселелерін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық шаралар кешені ретінде қарастырған (Bekezhanov, 2021: 1941).

Шет мемлекеттердің тәжірибесінде қоршаған ортаны қорғау, оның көрсеткіштері туралы мәліметтердің халыққа қолжетімділігін арттыру мақсатында қабылдаған құжаттарынан цифрлық технологияларды пайдалану арқылы қоршаған ортаға зиян келтірместен үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталады. Мысалы, Францияның Экология саласындағы цифрлық Стратегиясы (la Stratégie numérique en matière d'écologie), экология саласындағы цифрлық трансформацияны көздейді ([www.legifrance.gouv.fr](http://www.legifrance.gouv.fr)), 2016 жылғы 7 қазандағы «Цифрлық Республика туралы» заңда (la loi pour une République numérique) негізгі цифрлық құқықтар, соның ішінде экологиялық мәселелерді шешу үшін технологияны қолдану жолдары көрсетілген (<https://www.ecologie.gouv.fr>). Оңтүстік Корея экологиялық проблемаларды бақылау үшін цифрлық технологияларды жүйелі түрде біріктіреді. Цифрлық Кореяның (Digital Korea, 2020) 2020 стратегиясы цифрлық технологиялардың даму бағыттарын және олардың экологияны қоса алғанда, әртүрлі салаларда қолданылуын анықтайды (<http://www.law.go.kr>). Қоршаған ортаны қорғау туралы Заң (Қоршаған ортаны қорғау актісі): қоршаған ортаны қорғау стандарттарын, соның ішінде ластану деректерін жинау мен талдауды белгілейді (<https://www.kistep.re.kr>). Дубайдың 2050 жылға дейінгі таза энергетикалық стратегиясы қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін цифрлық әдістерді қолдана отырып, таза энергияның өсуін күтеді (<https://ded.ae>). «Абу-Дабидің 2030 жылға дейінгі экономикалық көзқарасы» тұрақты даму мен цифрландыруды қоса алғанда басты экономикалық мақсаттарды белгілейді (<https://www.actvet.gov.ae>).

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны

қорғауды мақсат етіп қояды». Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады делінген (<https://online.zakon.kz>). Әрине, мақсат пен міндет бірдей ұғымдар емес, міндетті орындамағаны үшін жауапкершілік туындайтын болса, ал мақсатқа жете алмай қалғанда қандай құқықтық салдарлар туындайды деген сұрақ көпшіліктің назарына ұшырауы тиіс.

Ресей Федерациясының Конституциясына сәйкес, азаматтардың құқықтары нақты түрде, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тарауында «Әркімнің қолайлы қоршаған ортаға, оның жай-күйі туралы сенімді ақпаратқа және экологиялық құқық бұзушылықпен денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген залалды өтеуге құқығы бар» қарастырылған (<http://www.constitution.ru>).

Қолайлы қоршаған ортаға құқық – адам мен азаматтың қалыпты экологиялық, экономикалық, эстетикалық және басқа да өмір сүру жағдайларын сақтауға байланысты оның өмірінің негіздерін қозғайтын іргелі және жан-жақты субъективті құқықтарының бірі (Бринчук, 1998: 143).

Бұл ұғымға адамның денсаулыққа құқығы, қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен денсаулықты сақтау құқығымен, экологиялық ақпаратқа деген құқықпен, сонымен бірге, сотпен қорғалу құқығы салауатты өмір салтына құқығы, таза экологиялық өнімге құқығын да жатқызуға болады. Қолайлы ортаға құқық ұғымы ауқымды болғандықтан, Қазақстан Республикасының әр түрлі заңнамасында көрініс тапқан.

Қолайлы қоршаған ортаға құқық мәселесі, ары қарай, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде қарастырылған. Әркімнің қолайлы қоршаған ортаға құқығы бар.

Әрбір адамның, қазіргі және болашақ ұрпақтың қолайлы қоршаған ортада өмір сүру құқығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет жұртшылықтың мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уақтылы, толық және анық экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге;

2) мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне Экологиялық Кодексте белгіленген тәртіппен қатысуға;

3) «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоршаған ор-

таны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысуға және өз ескертпелерін әзірлеушілердің қарауына енгізуге;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және өз құзыретіне сәйкес өзге де мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға экологиялық залал келтірудің, Қазақстан Республикасының экология заңнамасының талаптарын бұзудың кез келген болжамды фактілері немесе осындай салдарлардың туындау қатерін туғызатын өзге де мән-жайлар туралы өтінішпен жүгінуге, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өтініштерін қарау нәтижелері және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдер туралы жауаптарын алуға;

5) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың және мемлекеттік қызметшілердің қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша, оның ішінде келтірілген экологиялық залалды жоюға және Қазақстан Республикасының экология заңнамасының талаптарын бұзушылықтың жолын кесуге байланысты әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдерінің заңдылығына дау айту туралы өтінішпен сотқа жүгінуге;

6) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының экология заңнамасының талаптарын бұзу салдарынан зиян келтірілген мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғау үшін Қазақстан Республикасының азаматтық және азаматтық процестік заңнамасына сәйкес сотқа жүгінуге арналған құқықтарын таниды және оған кепілдік береді.

Сонымен қатар, С.Д. Бекишеваның пікірі бойынша, азаматтардың экологиялық құқықтарының қатарына, жеке тұлғалардың мемлекетке экологиялық заңнаманы бұзу нәтижесінде денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыру жөнінде, тікелей зиян келтіруші анықталмаған жағдайдың өзінде, талап беру құқығын да қосу қажет. Себебі, мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп, азаматтарын қорғауға алғандықтан, экологиялық құқық бұзушылықтардың тергеліп, ашылуы бойынша, экологиялық зиянды тікелей келтірген тұлғаны іздестіріп табуы бойынша мемлекеттік органдардың сапалы қызметіне де жауапты болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституция-

сында және басқа да нормативтік құқықтық актілерде бекітілген қолайлы ортаға құқық Қазақстан Республикасындағы экологиялық саясаттың мазмұнын айқындайтын құқықтық нұсқамалар болып табылады (Бекишева 2009: 360). Азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқығы мынадай іс-шаралармен қамтамасыз етіледі: қоршаған ортаның сапасын жоспарлау және нормалау, қоршаған ортаға зиянды әсердің алдын алу және оны сауықтыру, авариялардың, апаттар мен дүлей зілзалалардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі шаралар;

- қоршаған ортаға зиянды әсер етунәтижесінде азаматтардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиянды белгіленген тәртіппен өтеу арқылы;

- заңнамада белгіленген тәртіппен толық, шынайы және уақтылы экологиялық ақпарат ұсыну;

- мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану арқылы;

- сот арқылы қорғау, өзін-өзі қорғау және білікті заң көмегін алу;

- қоғамдық бірлестіктердің қызметімен;

- қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттар да қолайлы ортаға құқықты регламенттеудің құқықтық негізі болып табылады. Сонымен, 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпы декларациясы өмір сүрудің ажырамас құқығын бекітті, ол бірінші кезектегі мәнге ие және адамның барлық құқықтарының, соның ішінде қолайлы қоршаған ортаға құқықтың негізі болып табылады. Қолайлы қоршаған ортаға құқық Стокгольм декларациясында, 1972 жылы БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі конференциясында, 1992 жылы Рио – де-Жанейрода өткен БҰҰ Қоршаған орта және тұрақты даму жөніндегі конференциясында, сондай-ақ 2012 жылы Тұрақты даму жөніндегі БҰҰ конференциясының қорытынды құжатында бекітілген.

Қолайлы қоршаған ортаға құқық объективті және субъективті аспектілерде қарастырылады. Объективті аспектіде – бұл қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыру және қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы және экологиялық құқық нормаларынан басқа – конституциялық,

азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және халықаралық жария құқық нормаларын қамтиды, бұл осы саладағы құқықтық реттеудің кешенді сипатын береді. Қолайлы ортаға субъективті құқық адам өмірінің көптеген аспектілеріне әсер ететін көп компонентті болып табылады.

Бұл құқық өз іс-әрекеттерімен қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыруға және міндетті тұлғалардан қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету жөніндегі құқық нормаларын сақтауды талап етуге, сондай-ақ құқық бұзылған жағдайда оны қорғау үшін мемлекеттік органға жүгінуге заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндікті білдіреді.

Республикасының азаматы, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ, тұрақты немесе Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын адамдар қолайлы қоршаған ортаға құқық субъектілері болып табылады.

Қолайлы қоршаған ортаға құқықтың объектісі болып, қолайлы қоршаған орта танылады. Қазіргі таңда заңды күшін жойған Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160 Қоршаған ортаны қорғау туралы Заңына сәйкес, қолайлы қоршаған орта – объектілерінің жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, ластануға жол бермеуді, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін орта деп анықтама берілген (<https://adilet.zan.kz>). Ал, қолданыстағы Экологиялық кодексте бұл ұғым мүлдем қарастырылмаған.

2021 жылы бекітілген Жаңа Экологиялық Кодекспен қоршаған ортаны қорғау саласы халықаралық экологиялық стандарттарға сай реттеуді көздей отырып, ұйымдарға қоршаған ортаға келтіретін әсерді азайтуда «ластаушы төлейді» қағидасына сай өндірісте жоғары технологияларға негізделген «жасыл» технологияларды қолдануды күптайды (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>).

Қоршаған ортаның жай-күйін адамға қолайлы деп анықтау критерийлері ретінде:

- қоршаған ортаның ластанбауы – қоршаған ортаның жай-күйінің заңнамада белгіленген талаптарға, нормативтерге, оның сапасын сипаттайтын стандарттарға сәйкестігі;

- қоршаған ортаның сарқылмауы – қоршаған орта жай-күйінің заңнамада белгіленген ресурс сыйымдылығының нормативтеріне сәйкестігі;

- қоршаған ортаның адамның эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру, түрлердің әртүрлілігін сақтау қабілеті;

- экологиялық қауіпсіздік – азаматтардың денсаулығы мен өмірін, қоршаған ортаны техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың, шаруашылық және өзге де қызметтің ықтимал зиянды әсерінен қорғау жағдайы (Чернов, 2023: 312-313)

Аталған критерийлер, стандарттар, нормативтер қоршаған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көрініс тапқан. Яғни, мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын мемлекеттік реттеу құралдарын толықтай, мемлекеттің адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғау құралдары деп атауға болады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу құралдары деп – экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың, іс-қимылдар мен рәсімдердің жиынтығы түсініледі.

Мыналар қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу құралдары болып табылады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау;

2) экологиялық нормалау;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу;

4) экологиялық бағалау;

5) мемлекеттік экологиялық сараптама;

6) экологиялық рұқсаттар және қоршаған ортаға әсер ету туралы декларациялар;

7) қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі;

8) мемлекеттік экологиялық бақылау;

9) қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау жөніндегі қызметтің хабарлама жасау тәртібі;

10) парниктік газдардың шығарылуы мен сіңірілуі саласындағы мемлекеттік реттеу құралдары.

Қолайлы орта үшін құқықты қорғау тәсілдерін жетілдіру мәселелері өзекті болып табылады. Экологиялық кодекске сәйкес, адамның қолайлы қоршаған ортаға құқығы мүлтік емес жеке құқық ретінде қорғалуға жатады. Азаматқа оның қолайлы ортаға құқығын бұзу арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатады. Қолайлы ортаға құқықты қорғаудың осы әдісін қолдану құқықты бұзатын немесе оны бұзуға қауіп төндіретін әрекеттердің жолын кесу ретінде толық немесе талап қою мүмкіндігімен байланысты.

Осылайша, қолайлы қоршаған ортаға құқық экологиялық құқықтар жүйесінде басым рөл

атқарады және адамның ажырамас құқығына – өмір сүру құқығына негізделген. Ол азаматқа оның тууына байланысты тиесілі және мүлікке қатысы жоқ жеке мүліктік емес құқық ретінде қорғалуға жатады. Сонымен қатар, адамның қолайлы қоршаған ортаға құқығы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 29-бабында тікелей көрініс тапқан, Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығымен де тығыз байланысты, себебі, адамның денсаулығы мен өмірі сол адамның айналадағы қоршаған ортасының сапасына, жай күйіне, қандай сапалы өнім тұтынатына байланысты. Ол өнімнің экологиялық тағбалау процесінен өткендігіне, таза экологиялық өнім белгісін алғандығына, ол өнімнің органикалық өнім екендігіне, құрамында гендік түрлерендірілген ағзалардың болуы немесе болмауына тікелей бағынышы болып табылады.

Ресей Федерациясы Конституциясына сәйкес, әркімнің қолайлы қоршаған ортаға, оның жай-күйі туралы сенімді ақпаратқа және экологиялық құқық бұзушылықпен денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген залалды өтеуге құқығы бар делінген. Өкінішке орай, мемлекетіміздің ата заңына сәйкес, мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қойғанымен, экологиялық құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген зиянның орнын толтыруға деген құқығы назарға ілінбей қалған. Экологиялық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның орнын толтыру мәселесі, қазіргі таңда, күрделі мәселе болып қалып отыр. Себебі, келтірілген зиянды дәлелдеу оңайшылыққа әкеліп соқтырмайды. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар, алдын ала тергеу сатысында-ақ қысқарып қалады, себебі, аталған құқық бұзушылықтар құрамы материалдық сипаттағы құрамдар, жасалған әрекет пен оның туындаған зардабының арасындағы себепті байланысты дәлелдеуді қажет етеді. Аталған зардаптар, бірден туындамай, бірнеше уақыт өте келе туындауы немесе мүлдем өзге аймақта тууы да мүмкін.

Қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асырудың халықаралық реттелу контекстінде Орхус Конвенциясының маңыздылығы ерекше. Ол қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратқа қол жеткізу мен оған байланысты шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуын реттейтін халықаралық стандарт болып саналады, Орхус конвенциясының көптеген

халықаралық конвенциялардан айырмашылығы – бұл актіде азаматтардың экологиялық ақпаратқа құқығы егжей-тегжейлі және нақты анықталған. Конвенцияның 6-бабына сәйкес, жұртшылық экономикалық қызмет жобаларын талқылауға қатыса алады (<https://unese.org>). Одан бөлек, бұл саланы халықаралық құқықтық реттеуде, трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша Орталық Азия елдерінің әлеуетін нығайту мен экономикалық дамуды жоспарлау кезінде қоршаған ортаға әсер етудің алдын алу, жұмсарту немесе азайту мақсатындағы Espoo конвенциясы қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша негізгі құжат болып табылады (<https://treaties.un.org>).

Қолданыстағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы саралай отырып, Экологиялық кодекстің 16-бабына сәйкес, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және лауазымды адамдар жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтарын іске асыруда оған жәрдемдесуге міндетті екенін ескере отырып, экологиялық құқықтарды қорғаудың келесі әдістерін бөліп көрсетуге болады:

\* жұртшылық қолданатын соттан тыс әдістер;

\* жұртшылық қолданатын сот әдістері;

Жұртшылық қолданатын соттан тыс қорғау әдістеріне мыналар жатады:

\* Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктерге, қорларға және өзге де коммерциялық емес ұйымдарға тікелей қатысу.

Мүдделі жұртшылық экологиялық бағалау жүргізу және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдауы процесіне Экологиялық Кодексте белгіленген шарттарда және тәртіппен қатысуға құқылы (15-бап).

Экологиялық Кодексте айқындалған рәсімдер шеңберінде мүдделі жұртшылық өкілдері өздері белгіленіп отырған қызметке немесе қабылданатын шешімге қатысы бар деп санайтын кез келген ескертуді, ақпаратты, талдауды немесе пікірді жазбаша немесе электрондық нысанда және ауызша, оның ішінде қоғамдық тыңдауларды өткізу көзделген кезде оларды өткізу барысында ұсынуға құқылы.

Жұртшылықтың мемлекеттік органдарда бар, оның ішінде олар шығарған немесе алған не мемлекеттік органның тапсырмасы бойын-

ша әрекет ететін кез келген жеке немесе заңды тұлғаның иелігіндегі толық, анық және уақтылы экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар;

Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімінің деректері ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімі енгізілген сәттен бастап кемінде алдыңғы он есептік жыл үшін жұртшылыққа қолжетімді болуға тиіс (22-бап).

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде мүдделі жұртшылықтың қатысуы қоғамдық тыңдауларды өткізуге (29-бап).

жұртшылық стратегиялық экологиялық бағалау жүргізуге қатысуға 60-бап;

Жұртшылықтың экологиялық ақпарат қамтылған, жалпыға бірдей қолжетімді мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарға еркін және тегін қол жеткізуге де құқығы бар (18-бап);

- қоршаған ортаның жай-күйі, оны қорғау жөніндегі шаралар туралы уақтылы, толық және дұрыс ақпарат алуға;

- қоршаған ортаны қорғауға, оған теріс әсер етуге қатысты мәселелер бойынша шағымдармен, арыздармен, ұсыныстармен жолдануға;

Жиналыстарға, митингілерге, демонстрацияларға, шерулер мен пикеттерге, петицияларға қол жинауға, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша референдумдарға және заңнамаға қайшы келмейтін басқа да акцияларға белсенді қатысу.

Қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы ұсыныстарды ұсыну және оны белгіленген тәртіппен өткізуге қатысу.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуде мемлекеттік органдарға, оның субъектілеріне, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына көмек көрсету.

Экологиялық сипаттағы қылмыстық жазаланатын әрекеттерді жасау фактілері бойынша құқық қорғау органдарына жүгіну, сондай-ақ билік органдары мен олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдарға, сондай-ақ прокуратура органдарына шағымдануға құқылы болып табылады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>).

Технологиялық инновациялар мен қоршаған ортаны қорғау арасындағы үйлесімді тепе-теңдікке байланысты Қазақстандағы нақты міндеттер мен ережелер туралы өзекті ақпарат алу үшін соңғы құқықтық құжаттарды, үкіметтің

хабарландыруларын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі есептерді қарау маңызды. Қазақстанда қолайлы қоршаған ортаға құқықты қамтамасыз ету саласында 2000 жылғы 23 қазанда ратификацияланған Орхус Конвенциясының талаптарын жүзеге асыру мақсатында көптеген бастамалар цифрландырылған. Атап айтар болсақ, жеке және заңды тұлғаларға қоршаған орта туралы сенімді ақпарат беру құқығын іске асыру мақсатында «Электронды Үкімет» порталымен ([www.e-gov.kz](http://www.e-gov.kz)) «Экологиялық ақпаратты ұсыну» мемлекеттік қызметі тегін цифрлық портал арқылы іске асырылады. Ауадағы ластаушы заттардың үлесі туралы нақты уақыттағы ақпарат «Казгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ([www://www.kazhydromet.kz/ru/enquiry](http://www.kazhydromet.kz/ru/enquiry)) мәліметтер базасы жасалды. Экология және табиғи ресурстар Министрлігі Экологиялық ақпараттың Мемлекеттік Қоры құрылған. Аталмыш қордың қызметі тұрғындардың экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, экологиялық ағартушылық және халықтың экологиялық мәдениетін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік органдарды ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі ([https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2021/09/v2100024005.09-08-2021.rus\\_.docx](https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2021/09/v2100024005.09-08-2021.rus_.docx)).

Цифрландыру аясында мемлекеттік қордың мәліметтері Бірыңғай экологиялық цифрлық ақпараттық ресурста (<https://ecogofond.kz/>) орналыстырылған. Бұл ақпараттық ресурста: мемлекеттік табиғи ресурстар кадастры; денсаулық пен өмірге қауіпті ластаушы заттардың қосындысы мөлшері қоршаған ортаны ластаушы қалдықтардың мемлекеттік регистры; көміртек, озонластаушы заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастры; парникті газдардың әсерін жұмсарту туралы ұлттық баяндама; мемлекеттік экологиялық сараптама және топыраққа, жер асты суларына, өсімдіктерге және атмосфералық ауаға кез келген зиянды әсерлерді анықтау мақсатында ұйымның өндірістік нысандарының қоршаған ортаға әсері туралы егжей-тегжейлі мәліметтер енгізілген өндірістік экологиялық бақылау есептері; шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал теріс әсерлері бағаланатын шаралар және де табиғи экологиялық жүйелердің, табиғи ресурстардың бұзылуы, зақымдануы және сарқылуы анықталатын қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары, жоспарланатын кез кел-



ген нақты экологиялық қауіпті объектінің салу алдындағы оның жобалық құжаттамасы, оның ішінде қоғамдық тыңдалымдар хаттамалары және т.б. материалдар және т.б. экологиялық ақпараттар орналасқан.

Қазақстанда энергетикалық жүйені, эмитенттерді, жерді пайдалануды және басқа секторларды цифрландыру үшін парниктік газдар мен ластаушы заттар туралы сенімді және толық ақпаратқа жедел қол жеткізу мүмкіндігі бар бірыңғай климаттық платформаны енгізуде. Бұл елдің климаттық жүйесіне деген сенімді арттырып, климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық күш-жігерге ықпал етеді (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000313>).

«Экопортал» (<https://ecoportal.kz/>) және «Ашық құқықтық актілер» (<https://legalacts.egov.kz/>) цифрлық платформалары жұртшылықтың заңшығару қызметіне араласуына: кез келген стратегиялық бағдарламаларды, бастамаларды немесе тұжырымдамаларды, жалпы талқылауға ұсынылған кез келген заң актілерін талқылау туралы пікірталасқа қатысуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі екі бөлімнен тұратын Бірыңғай экологиялық порталды (<http://ecoportal.kz>) ұсынды, онда «Қоғамдық тыңдаулар» және «Жоспарланған іс-шаралар туралы мәлімдеме» бөлімдері бар. Порталға 2496 қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландырулар және 1851 қоғамдық отырыстар хаттама орналастырылған (Балабаева).

Азаматтар қолданатын сот қорғау әдістеріне мыналар жатады:

Азаматтардың жалпы юрисдикция соттарына жүгінуі. Бұл жағдайда бұзылған экологиялық құқықтар сот шешімімен қалпына келтіріледі, мысалы:

- экологиялық құқық бұзушылықпен немесе дүлей зілзаламен жеке тұлғаның денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы;

- уәкілетті органның азаматқа қоршаған ортаның жай-күйі туралы сұратылған ақпаратты ұсыну міндеттемесі туралы;

- билік органының экологиялық сипаттағы митингілер мен өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салу туралы шешімінің күшін жою туралы және басқалар.

Бүгінде Қазақстан республикасында сот саласын цифрландыру қарқыны ерекше: 1179 электронды сот залдарында сот мәжілісі электронды форматта, цифрлық гаджеттермен қашықтан сот процесіне қатысуға мүмкіндік берсе, Бірыңғай мо-

нитинг жүйесі нақты уақыттағы 850 судьяның қызметінің көрсеткіштерін бақылайды. Сот төрелігін жүзеге асыруда бірқатар ақпараттық жүйелер мен сервистер қолданылады, атап айтқанда болсақ, «Төрелік» жүйесі, сот жүйесінің интернет-порталы, «Сот кабинеті» сервисі, Smart-Bridge (<https://sb.egov.kz/>) – ашық сот актілеріне қолжетімділік мүмкіндігіне ие цифрлық платформасы, электрондық пошта жүйелері және т.б. (<https://sud.gov.kz>).

## Қорытынды

Қолайлы қоршаған ортаға құқықты жүзеге асыруда қолданылып отырған цифрлық бастамалар экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге, қабылданатын заңшығарушылық үрдістерге халықтың қатысуына мүмкіндік беріп отыр. Цифрлық платформалардың жұртшылыққа ашық және қолжетімді болуы экологиялық ақпаратқа деген құқықты іске асыруда маңызды. Қазақстанның цифрлық технологиялық жетістіктерге қатысты ұстанып отырған саясаты аясында цифрлық технологияларды жан-жақты дамыту үшін халықаралық стандарттар мен заманауи әлем талаптарына сәйкес ұлттық заңнама үнемі жетілдірілуде.

Қорытындылай келе, әрине қолайлы қоршаған орта деген түсінік өте ауқымды болып табылады. Бұл ұғымға адамның денсаулыққа құқығы, қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен денсаулықты сақтау құқығы, экологиялық ақпаратқа деген құқық, сонымен бірге, сотпен қорғалу құқығы, салауатты өмір салтына құқығы, таза экологиялық өнімге құқығын да және өзге құқық түрлерін де жатқызуға болады. Саралау нәтижесінде, қолайлы ортаға құқық әр түрлі заңнамада, әртүрлі мемлекеттік билік органдарының қарауында және қадағалауында екенін байқауға болады. Сол себептен, қолайлы қоршаған ортаға құқық іс жүзінде жүзеге асуы қиындықтарға әкеліп соғып отыр. Ең алдымен қолайлы қоршаған орта деген ұғымның, Негізгі қолайлы қоршаған орта қатынастарын реттеуші Экологиялық кодексте қаралмағанын ескеру қажет. Мүмкін, заң шығарушының жіберіп алған олқылығы болуы мүмкін. «Қолайлы қоршаған орта» анықтамасы Экологиялық кодексте нақты көрсетіліп, одан кейін аталған құбылысқа құқық жөнінде айтуға болады. Сонымен қатар, қолайлы қоршаған орта ұғымының нақты критерийлерін талдап, белгілі бір жүйеге топтастыру қажеттігі туындап отыр.

## Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым

комитетімен қаржыландырылған (BR21882302 Цифрлық трансформация жағдайындағы қазақстандық қоғам: перспективалар мен тәуекелдер).

## Әдебиеттер

Балабаева А.И. Достигнутый прогресс Республики Казахстан в процедуре проведения общественных слушаний в рамках нового Экологического кодекса – [Электр.ресурс]. – Режим доступа: [https://unece.org/sites/default/files/2022-07/2206\\_WGP26\\_4с\\_CB\\_Kazakhstan\\_Balabaeva\\_presentation.pdf](https://unece.org/sites/default/files/2022-07/2206_WGP26_4с_CB_Kazakhstan_Balabaeva_presentation.pdf)

Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан, Караганда, 2009. – 471 с

Бринчук М.М. Экологическое право (право окружающей среды) – Москва: Юристъ. 1998. – 684с.

Лекерова, Ф.Л. Мониторинг качества приаэродромной среды в условиях цифровой трансформации бизнеса //Вестник КазАТК – № 1 (124), 2023 – С. 195-206.

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 ж. 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) қаулысы [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51005029#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2)  
Конституция РФСР [Электронный ресурс] URL: <http://www.constitution.ru/10003000/10003000-4.htm>

Климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Қазақстан Республикасының жаңартылған ұлттық үлесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 313 қаулысы. – [Электр.ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000313>

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160 Қоршаған ортаны қорғау туралы Заңы// [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000160\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000160_)

Қазақстан Республикасының Экология Кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі. – [Электр.ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы – [Электр.ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>

Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, гео-логия және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы № 316 бұйрығы – [Электр.ресурс]. – Қолжетімділік режимі: [https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2021/09/v2100024005.09-08-2021.rus\\_.docx](https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2021/09/v2100024005.09-08-2021.rus_.docx)

О цифровизации судебной системы – [Электр.ресурс]. – Режим доступа: <https://sud.gov.kz/rus/content/cifrovizaciya>  
Чернов А.В. Право граждан на благоприятную окружающую среду – [Электр.ресурс]. – Режим доступа: <https://core.ac.uk/download/pdf/81662938.pdf>

2023 – 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы [Электр.ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

Rehman, S. ur ., & Gill, A. R. (2023). Digital Transformation, Institutional Quality, and Environmental Sustainability: Evidence from SAARC Countries. IRASD Journal of Economics, 5(2), 392–407.

Bekezhanov, D. et al. Environmental and Legal Regulation of Digitalization of Environmental Protection. Journal of Environmental Management and Tourism Vol 12 No 7 (2021) – p. 1941 – 1950.

Convention On Access To Information, Public Participation In Decision-Making And Access To Justice In Environmental Matters done at Aarhus, Denmark, on 25 June 1998. – [Electronic resource]. – Access mode: <https://unece.org/DAM/env/pp/documents/cep43e.pdf>

Convention on Environmental Impact Assessment in a Transboundary Context Espoo, Finland, 25 February 1991. – [Electronic resource]. – Access mode: [https://treaties.un.org/Pages/ViewDetails.aspx?src=IND&mtdsg\\_no=XXVII-4&chapter=27&clang=\\_en](https://treaties.un.org/Pages/ViewDetails.aspx?src=IND&mtdsg_no=XXVII-4&chapter=27&clang=_en)

Framework Act on Environmental Policy [Enforcement 2023. 7. 4.] – [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.law.go.kr>

La Loi relative à la lutte contre le gaspillage et à l'économie circulaire), accepté le 10 février 2020. <https://www.ecologie.gouv.fr/mise-en-oeuvre-des-lois-anti-gaspillage-economie-circulaire-et-climat-et-resilience-plusieurs-textes#:~:text=Les%20lois%20%2C2%AB%20Anti%2Dgaspillage%20pour,mod%C3%A8le%20de%20soci%C3%A9t%C3%A9%20plus%20durable.>

République française, Loi pour une République numérique du 7 octobre 2016. <https://www.legifrance.gouv.fr/loda/id/JORF-TEXT000033202746>

Republic of Korea, National Strategy for the Development of the Internet of Things (IoT) – [Electronic resource]. – Access mode: [https://www.kistep.re.kr/boardDownload.es?bid=0032&list\\_no=19516&seq=6294](https://www.kistep.re.kr/boardDownload.es?bid=0032&list_no=19516&seq=6294)

Sharifbaevich, R.N. (2022) Digitalization of Environmental Regulation: Legal Aspects. American Journal of Social and Humanitarian Research. – № 3(6), 374–380 p.

The Sustainable Development Goals Report 2023. Special edition: Towards a Rescue Plan for People and Planet. Ed Nations. – [Electronic resource]. – Access mode: <https://unstats.un.org/sdgs/report/2023/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2023.pdf>

UAE, Dubai Clean Energy Strategy 2050 – [Electronic resource]. – Access mode: [https://ded.ae/DED\\_Files/Files/Reports/rep\\_2018/Dubai\\_Clean\\_Energy\\_Strategy\\_2050\\_en.pdf](https://ded.ae/DED_Files/Files/Reports/rep_2018/Dubai_Clean_Energy_Strategy_2050_en.pdf)

UAE, “Abu Dhabi Economic Vision 2030” – [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.actvet.gov.ae/en/media/lists/elibraryld/economic-vision-2030-full-versionen.pdf>

Vlasenko, V.N., Shirobokov, A.S. (2021) Digitalization of state environmental management: Legal aspects. RUDN Journal of Law. – - № 25 (2), 601-619 p.

Yerkinbayeva, L. et al. (2021) Digitalization of Environmental Information in the Republic of Kazakhstan: Issues of Legal Regulation. Journal of Environmental Management and Tourism, v. 13, n. 1, p. 115-127,

Yerezhepkyzy, R. et al. (2017) Legal Regulation of Public Access to Information in the Field of Environmental Protection and Use of Natural Resources Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues Volume 20, Issue 2.

## References

Balabaeva A.I. Dostignutyj progress Respubliki Kazahstan v procedure provedeniya obshhestvennyh slushaniy v ramkah novogo Jekologicheskogo kodeksa [progress of the Republic of Kazakhstan in the procedure for conducting public services within the framework of the new Environmental Code] – [Jelekt.resurs]. – Rezhim dostupa: [https://unece.org/sites/default/files/2022-07/2206\\_WGP26\\_4c\\_CB\\_Kazakhstan\\_Balabaeva\\_presentation.pdf](https://unece.org/sites/default/files/2022-07/2206_WGP26_4c_CB_Kazakhstan_Balabaeva_presentation.pdf)

Bekezhanov, D. et al. Environmental and Legal Regulation of Digitalization of Environmental Protection. Journal of Environmental Management and Tourism Vol 12 No 7 (2021) – p. 1941 – 1950.

Bekisheva S.D. Jekologicheskoe pravo Respubliki Kazahstan [Ecological law of the Republic of Kazakhstan], – Karaganda, 2009. – 471 s.

Brinchuk M.M. Jekologicheskoe pravo (pravo okruzhajushhej sredy) [Environmental Law] – Moskva: Jurist#. 1998. – 684s.

Constitutcia RSFSR [Electonny resurs] [Constitution of the RSFSR] – URL: <http://www.constitution.ru/10003000/10003000-4.htm>

Chernov A.V. Pravo grazhdan na blagoprijatnuju okruzhajushhuju sredu – [Jelekt.resurs]. – Rezhim dostupa: <https://core.ac.uk/download/pdf/81662938.pdf>

Convention On Access To Information, Public Participation In Decision-Making And Access To Justice In Environmental Matters done at Aarhus, Denmark, on 25 June 1998. – [Electronic resource]. – Access mode: <https://unece.org/DAM/env/pp/documents/cep43e.pdf>

Convention on Environmental Impact Assessment in a Transboundary Context Espoo, Finland, 25 February 1991. – [Electronic resource]. – Access mode: [https://treaties.un.org/Pages/ViewDetails.aspx?src=IND&mtdsg\\_no=XXVII-4&chapter=27&clang=\\_en](https://treaties.un.org/Pages/ViewDetails.aspx?src=IND&mtdsg_no=XXVII-4&chapter=27&clang=_en)

Klimattyng ozgeruine zhahandyq den qojuga Qazaqstan Respublikasynyng zhanhartyfran ulttyq ulesin bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetining 2023 zhylygy 19 sauirdegi № 313 qaulysy [Environmental Code of the Republic of Kazakhstan code of the Republic of Kazakhstan dated January 2, 2021 No. 400-VI.]. – [Jelekt.resurs]. – Qolzhetimdilik rezhimi: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000313>

Cifrovizacii sudebnoj sistemy – [Jelekt.resurs]. – Rezhim dostupa: <https://sud.gov.kz/rus/content/cifrovizaciya>

Framework Act on Environmental Policy [Enforcement 2023. 7. 4.] – [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.law.go.kr>

La Loi relative à la lutte contre le gaspillage et à l'économie circulaire), accepté le 10 février 2020. <https://www.ecologie.gouv.fr/mise-en-oeuvre-des-lois-anti-gaspillage-economie-circulaire-et-climat-et-resilience-plusieurs->

Lekerova, F.L. Monitoring kachestva priajerodromnoj sredy v uslovijah cifrovoj transformacii biznesa [monitoring the quality of priajerodromny environment in the conditions of digital transformation of business]//Vestnik KazATK – № 1 (124), 2023 – S. 195-206.

Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyng «Adilette Qazaqstannyng jekonomikalyq bagdary» atty Qazaqstan halqyna Zholdauy [address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan «economic orientation of a just Kazakhstan» – [electricity.resource]]. – Qolzhetimdilik rezhimi: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqaevtyng-adilette-kazakstannyng-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>

Memlekettik jekologijalyq aqparat qoryn zhurgizu qagidalaryn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Jekologija, geologija zhane tabigi resurstar ministrining m.a. 2021 zhylygy 9 tamyzdary № 316 bujyrygy – [Jelekt.resurs]. – Qolzhetimdilik rezhimi: [https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2021/09/v2100024005.09-08-2021.rus\\_.docx](https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2021/09/v2100024005.09-08-2021.rus_.docx)

2023 – 2029 zhyldarga amalgalan cifrlyq transformacija, aqparattyq-kommunikacijalyq tehnologijalar salasy zhane kiberquipsizdikti damytu tuzhyrymdamasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetining 2023 zhylygy 28 nauryzdagy № 269 qaulysy [Jelekt.resurs]. – Qolzhetimdilik rezhimi: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

Qazaqstan Respublikasynyng Konstitucijasy: 1995 zh. 30 tamyz (2022.19.09. berilgen ozgerister men tolyqtyrularymen) qaulysy [Jelekt.rondyq resurs] [Constitution of the Republic of Kazakhstan: resolution of August 30, 1995 (with amendments and additions made on 19.09.2022)]– Qolzhetimdilik rezhimi: URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51005029#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2)

Qazaqstan Respublikasynyng 1997 zhylygy 15 shildedegi N 160 Qorshagan ortany korgau turaly Zangy// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000160>

Qazaqstan Respublikasynyng Jekologija Kodeksi Qazaqstan Respublikasynyng 2021 zhylygy 2 kangtardagy № 400-VI QRZ Kodeksi. – [Jelekt.resurs]. – Qolzhetimdilik rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>

Rehman, S. ur ., & Gill, A. R. (2023). Digital Transformation, Institutional Quality, and Environmental Sustainability: Evidence from SAARC Countries. IRASD Journal of Economics, 5(2), 392–407.

République française, Loi pour une République numérique du 7 octobre 2016. <https://www.legifrance.gouv.fr/loda/id/JORFTEXT000033202746textes#:~:text=Les%20lois%20%20C2%AB%20Anti%2Dgaspillage%20pour,mod%C3%A8le%20de%20soci%C3%A9t%C3%A9%20plus%20durable>.

Republic of Korea, National Strategy for the Development of the Internet of Things (IoT) – [Electronic resource]. – Access mode: [https://www.kistep.re.kr/boardDownload.es?bid=0032&list\\_no=19516&seq=6294](https://www.kistep.re.kr/boardDownload.es?bid=0032&list_no=19516&seq=6294)

The Sustainable Development Goals Report 2023. Special edition: Towards a Rescue Plan for People and Planet. Ed Nations. – [Electronic resource]. – Access mode: <https://unstats.un.org/sdgs/report/2023/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2023.pdf>

Sharifbaevich, R.N. (2022) Digitalization of Environmental Regulation: Legal Aspects. American Journal of Social and Humanitarian Research. – № 3(6), 374–380 r.

Vlasenko, V.N., Shirobokov, A.S. (2021) Digitalization of state environmental management: Legal aspects. RUDN Journal of Law. – - № 25 (2), 601-619 r.

UAE, Dubai Clean Energy Strategy 2050 – [Electronic resource]. – Access mode: [https://ded.ae/DED\\_Files/Files/Reports/rep\\_2018/Dubai\\_Clean\\_Energy\\_Strategy\\_2050\\_en.pdf](https://ded.ae/DED_Files/Files/Reports/rep_2018/Dubai_Clean_Energy_Strategy_2050_en.pdf)

UAE, “Abu Dhabi Economic Vision 2030” – [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.actvet.gov.ae/en/media/lists/elibraryId/economic-vision-2030-full-versionen.pdf>

Yerkinbayeva, L. et al. (2021) Digitalization of Environmental Information in the Republic of Kazakhstan: Issues of Legal Regulation. Journal of Environmental Management and Tourism, v. 13, n. 1, p. 115-127,

Yerezhpykyzy, R. et al. (2017) Legal Regulation of Public Access to Information in the Field of Environmental Protection and Use of Natural Resources Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues Volume 20, Issue 2.

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Байдельдинов Даулет Лайыкович – заң ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінің деканы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: baideldinovd@gmail.com);*

*Айғаринова Гүлнар Тилеухадировна – заң ғылымдарының кандидаты, асс.профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: 87012178280g@gmail.com);*

*Ақшатаева Жанна Байбековна – заң ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы ОҚМУ доценті (Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: Akshataeva\_J@mail.ru);*

*Рашиева Гүлнур Койшыновна (корреспондент автор) – PhD (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulnur1989@mail.ru).*

**Information about authors:**

*Baideldinov Daulet Laikovich – doctor of jurisprudence science, professor, dean of the Faculty of law of the Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: baideldinovd@gmail.com);*

*Aigarinova Gulnar Tileukhadirovna – candidate of jurisprudence science, ass.Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: 87012178280g@gmail.com);*

*Akshataeva Zhanna Baibekovna – candidate of jurisprudence science, associate professor of SKSU named after M. Auezov (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: Akshataeva\_J@mail.ru);*

*Rasheva Gulnur Koishynovna (corresponding author) – PhD (Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulnur1989@mail.ru).*

*Тіркелді: 8 желтоқсан, 2023 ж.*

*Қабылданды: 29 ақпан, 2024 ж.*